

Нұрманалиева Ұлтай Тілегенқызы

**ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚ НЕГІЗІНДЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІ
САБАҒЫН ӨТКІЗУГЕ БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ОҚЫТУ
ӘДІСТЕМЕСІ (ағылшын тілі, жоғары оқу орны)**

13.00.02 - оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі (бастауыш,
орта және жоғары білім беру жүйесіндегі роман-герман және түркі
тілдері)

Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін
дайындалған диссертацияның
АВТОРЕФЕРАТЫ

Алматы 2004

Жұмыс Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің ағылшын тілі әдістемесі кафедрасында орындалды.

Ғылыми жетекші: филология ғылымдарының докторы,
профессор С. С. Құнанбаева

Ресми оппоненттер: педагогика ғылымдарының докторы,
профессор Г.Қ. Нұрғалиева
педагогика ғылымдарының кандидаты Д. Е.
Сағышбаева

Жетекші ұйым: Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті

Диссертация 2004 жылы « ____ » _____ сағат ____ Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін беру жөніндегі К-14. 08. 04 диссертациялық кеңестің мәжілісінде қорғалады (480072, Алматы қаласы, Мұратбаев көшесі, 200, мәжіліс залы - 211).

Диссертациямен Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің ғылыми оқу залында танысуға болады.

Автореферат " ____ " _____ 2004 жылы таратылды.

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы

Г.Б.Ахметова

Кіріспе

Зерттеудің көкейкестілігі. 2004 жылы ақпан айында Үкімет бекіткен Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі Білім жүйесін дамыту тұжырымдамасы оқушыларды бастауыш мектептен бастап үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқытуға бағытталған. Осыған орай оқу үрдісінде жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы ақпараттандыруға көп көңіл бөлінеді. Бұл жағдайда оқу үрдісін электрондық оқу басылымдары негізінде ұйымдастыруға болашақ мұғалімдерді әдістемелік тұрғыдан даярлау мәселесінің мәні зор.

Бұл зерттеу жұмысы болашақ мұғалім-әдіскерлерді жоғары оқу орындарында электрондық оқулықтарды пайдалану арқылы ағылшын тілі сабақтарын өткізуге даярлауға және "Шетел тілдерін оқытудың әдістемесі" пәні бойынша «Ағылшын тілі сабағы» дербес бөлімінің мазмұнын жасаудың теориялық қағидаларын түзуге бағытталған.

Басқа ғылым салаларынан өзгеше, өзіндік әлеуметтік даму жолына түскен және күрделі эволюциялық табиғатымен өзгешеленетін шетел тілдерінің оқыту әдістемесі жаңа қоғамдағы тілдік құбылыстардың тарихын үйренуді уағыздайды. Сондай-ақ, ол шетел тілдерінен білім беруді жетілдіретін оқу үрдісінің ерекшеліктерінің негізі болып табылады. Егеменді Қазақстанның халықаралық қатынасының кеңеюіне байланысты білім беру саласындағы мемлекет саясатында шетел тілдерін оқытуға ерекше көңіл бөлінген.

Бұл міндеттерді шешу үшін мемлекет тарапынан шетел тілдерінен білім беруге концептуалдық платформа жасалуда. Демек, мұның ғылыми-теориялық негізі шетел тілдерін оқыту формаларының көптүрлілігі білім берудегі мемлекеттік стандарттың үлгісі болып табылады. Осы негізде әдістемелік және әдіснамалық ізденістің жүйелілігі артып отыр. Бұл қазіргі жаңа әдістемелік концепцияның, оның дидактикалық кеңістігіне көтерілуінің жүзеге асқанының белгісі.

Қазіргі уақытта отандық және шетелдік әдістеме ғылымында шетел тілдерін оқыту мәселелерінің біртұтас жиынтығы зерттелуде:

- шетел тілдерін оқыту әдістемесінің ғылыми теориялық негізін жасау [И.Л.Бим, Е.И.Пассов, Н.И.Гез, М.В.Ляховицкий, Г.В.Рогова, Л.С.Андреевская - Левенстерн, И. В. Комков, Л. В. Щерба және т.б.];

- шетел тілдерін оқытудың мазмұнын іріктеу [Н.Д. Гальскова, А.Ю.Горчев, З.Э.Никитенко, Т.В.Маркова, И.С.Якиманская және т.б.];

- шетел тілдерін коммуникативтік - бағдарламалық тұрғыдан оқытудың теориялық негізін зерттеу [С.С.Құнанбаева, В.И.Герасимов, В.В.Петров, Е.И.Пассов, П.Г.Козлов, Н.Н.Дьяков және т.б.];

- шетел тілдерін оқытудың әдістемесі мен үлгілерін, оқу-әдістемелік жүйесін дамыту [Н.П.Каменецкая, А.А.Миролюбов, Р.К.Миньяр - Белоручев, И.В.Рахманов, Н.В.Языкова және т.б.];

- «Шетел тілдері» мектеп оқулықтарын құрастыру [И.Л.Бим, А.П.Старков, И.В.Рахманов, З.М.Цветкова, Н.И.Гез, Г.М.Уайзер, С.К.Фоломкина, М.Л.Вайсбург, С.К.Калинина және т.б.];

- оқушылардың шетел тілдерін оқып-үйренуінің аттестациялық талаптарын негіздеу [И.Л.Бим, Н.Д.Гальскова, Т.Е.Сахарова және т. б.);

- сөйлеу жүйесін дамыту [Р.Д.Брехт, Д.Е.Дивидсон, Р.В.Гинсберг, И.Н.Верещагина, И.В.Рахманов, Б.А.Бенедиктов және т.б.);

- оқытудың бағдарламалық негіздерін дамыту [И.Я.Пассов, Л.И.Бим және т.б.);

- шетел тілдері сабақтарының әдістемелік талдауларын студенттерге оқытуда оқу теледидары мен техникалық құралдарды қолданудың әдіс - тәсілін жасау [Л.А.Желтоватых, В.А.Поляков, А.Е.Карецкш және т.б.].

Шетел тілдерін оқыту әдісі мен теориясының маңызды бағыттарының бірі - сабақ проблемасын шешудің негізі-оқытуды ұйымдастыру формасы болып табылады. Бұл мәселенің негізіне тарихи тұрғыдан қарағанда, осы саладағы қазіргі зерттеушілерді атап өтуге болады:

- шетел тілдері сабағы құрылымының әдістемесі [Л.З.Якушина, О.Герменау, Г.Пальмер, Р.Ладо, Н.В.Елухина және т.б.);

- шетел тілі сабақтарын құру әдістемесі [Л.З.Якушина, П.Я.Гальперин, А. И.Томсон, К.Флагстад];

- дыбыс жазбасын және техникалық құралдарды пайдаланудың әдістемесі [М.В.Ляховицкий, И.М.Кошман];

- шетел тілдері сабақтарын типтік ерекшеліктері негізінде сабақ типіне орай жоспарлаудың әдістемесі [Я.М.Колкер, Е.С.Устинова, Т.М.Еналиева];

- шет елдерде шетел тілдерін оқыту әдістемесі [Д.Б.Кэрролл, Б.А. Лapidус, Д.Обрехт, Д.Одлер, Е.Г.Полупанова және т.б.].

Сонымен бірге әдістеме ғылымын оқытудың болашағы мен дамуын және оның бағдарламасын белгілеудің, бүкіл әлемдегі және Қазақстандағы оқытуды ақпараттандыру үрдісінің қазіргі ақпараттандыру коммуникациялық практикасын енгізудің негізі жасалып отыр. Соңғы кезде білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес, оқу үрдісінде электронды ақпараттық құралдардың пайдаланылуы және бұған қоса отандық бағдарламалық құралдардың шетелдік үлгіде тиімді қолданылуы біздің елімізде жалпы жұртшылықтың қызығушылығын арттыруда.

Ғылыми әдістемелік мәселелер - бұл міндетті шешудің ақпараттық білім берудегі маңызын, екіншіден, оқыту сипатының электрондық өнімдерін жасаудың магниттік негізде орындалуын камтамасыз ету, үшіншіден, болашақ мұғалімдерді осы мәселені білім беру үрдісінде қолдануға даярлау. Аталмыш мәселе Қазақстан Республикасының педагогика ғылымында бірнеше бағытта ғылыми мектептердің негізінде зерттеліп келеді [С.С.Құнанбаева, Е.У.Медеуов, Б.К.Момынбаев, Г.К.Нұргалиева Б.Б.Баймұқанов. Е.Ы.Бидайбеков, Ж.А.Қараев, Г.З.Қазиев және т.б.].

Оқыту үрдісінде де бұл мәселе оқу құралын әртүрлі бағдарламалау негізінде жүзеге асырылуда. Олардың ішінде жиі қолданылып, тәжірибеде

мәні зор нәтижелерге ие болып жүргендері мыналар:

- электронды білім беру бағдарламалары: дәстүрлі көркем мәдениетін қалыптастыру [М.Х.Балтабаев], жеке тұлғаны кәсіби-экономикалық бағдарлау [А.К.Ахметов, А.Х.Нақпаева];

- дидактикалық қағидалар негізінде оқу үрдісін автоматтандырудың технологиялық үлгісін жасау [А.І.Тәжіғұлова, Г.Б.Ахметова].

Шетел тілдерін оқытудың әдістемелік-теориялық саласында С.С.Құнанбаеваның ғылыми жетекшілігімен төмендегідей арнаулы зерттеулер жүргізілді:

- электронды оқулықтар негізінде ақпараттандырудың әдістемелі даярлығын жасау [Д.Е.Сағымбаева];

- электронды оқулықтар негізінде елтану жүйелілігін қалыптастыру [Ж.Ә.Түселбаева].

Біздің зерттеулеріміз электрондық оқулықтарды кең және жүйелі түрде пайдаланудың негізгі бағыттарын логикалық жағынан жетілдіру болып табылады. Біздің басты мәселеміз «Ағылшын тілі сабағы» электрондық курсы бойынша «Шетел тілдерін оқытудың әдістемесі» негізінде жалпы білім беретін мектептердегі ағылшын тілі сабағында электрондық оқулықтарды пайдалану мәселелерін шешу және оның стандарттық үлгісін жасау.

А.А.Абдуқадырова, Г.К.Бегаришева, М.М.Буняева, Е.Е.Дурноглазова, В.А.Матросова, Н.К.Солопова, Б.К.Төлбасова сынды ғалымдардың жұмыстары кәсіптік білім беруде компьютерлерді пайдалану және оған мамандандырылған қызметкер даярлауға арналған. Демек, олардың зерттеулері компьютерлік сауаттылыққа және алгоритмдік бағдарламалық негіздегі жүйелілікпен танысуға бағытталған. Бұл зерттеулердің нәтижелерінің құндылығы өз алдына, бұлар электрондық оқулықтардың оқу үрдісінде пайдаланылуын қалыптастыруды қамтамасыз етіп отыр.

Ағылшын тіліндегі электрондық оқулықтар, әсіресе соңғы екі жылда ауқымды пайдаланылып келеді [Э.Давыдова, И.Игнатова және т.б.].

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің № 161 және 488 бұйрығымен 1 орыс және қазақ сыныптарында С.С.Құнанбаева мен М.Қ.Нұржанованың «Ағылшын тілі» электрондық оқулығын қолдану ұйғарылды. Бұл электрондық оқулықты қазірдің өзінде Алматы, Ақтау қалаларының мектептерімен қатар, Батыс Қазақстан, Атырау, Оңтүстік Қазақстан, Павлодар, Қызылорда, Жамбыл облыстарының мектептерінде пайдалануда.

Электрондық оқулықты мектеп практикасында жан-жақты пайдалану мәселелерін қарастыра отырып, біз электрондық оқулықтардың ағылшын тілі сабағында қолданылуын арнайы зерттедік. Мұны Алматы қаласының мұғалімдерінің тәжірибесін анкеттеу толық дәлелдеп берді. Мұғалімдердің 82 пайызы электрондық оқулықтарды пайдаланудың арнаулы әдістемелік даярлығын жүргізудің қажеттігін атап көрсетті. Олардың көпшілігі электрондық оқулықтарды сабақта пайдаланудың,

оларды оқушылардың өз бетінше қолдануларымен салыстырғанда едәуір қиындығы бар екенін көрсетті.

Бұл **қайшылықтар** қазіргі практикадағы электрондық оқулықтарды пайдалану мен оны жүзеге асырудағы мұғалімдер даярлығының жеткіліксіздігі арасындағы мәселелерді тез арада шешуді қажет етеді. Демек, бұл ағылшын тілін оқыту сабақ теориясымен әлі сәйкес келмейтінін дәлелдеп отыр. Осы олқылықтарды жою мақсатында біз **«Электрондық оқулық негізінде ағылшын тілін сабағын өткізуге болашақ мұғалімдерді оқыту әдістемесі»** (ағылшын тілі, жоғары оқу орны) атты тақырыбын тандап алдық.

Зерттеудің мақсаты. «Шетел тілдерін оқыту әдістемесі» пәні бойынша болашақ мұғалімдердің электрондық оқулықтарды пайдалану арқылы ағылшын тілі сабағын өткізуге оқыту әдістемесін теориялық тұрғыдан негіздеу.

Зерттеу объектісі. Жоғары оқу орнындарында педагогикалық тіл факультеттерінің студенттерін даярлау әдістемесі.

Зерттеудің пәні: Электрондық оқулық негізінде ағылшын тілі сабағын өткізуге болашақ мұғалімдерді оқыту әдістемесі.

Зерттеудің ғылыми болжамы: Электрондық оқулық негізінде ағылшын тілі сабағын өткізуге болашақ мұғалімдерді оқыту әдістемесі мына жағдайда тиімді болады, *егер* электрондық оқулықтардың мазмұны педагогикалық ғылымның жетістіктеріне теориялық тұрғыдан негізделсе, ал электрондық оқулықтардың тәсілдері студенттердің жүйелі білім алуына және сабақтың құрылымын түрлі жағдайда түрлендіре алатын бағытты қамтамасыз ететін болса, *онда* ақпараттық оқыту ортасында бірегей жағдай туындайды, болашақ мұғалімдердің сабаққа даярлығын тұрақты база арқылы қалыптастыруға болады, мұның өзі компьютерлік техниканы пайдалануда, электрондық оқулық басылымдарында кездесетін психологиялық кедергілерді болдырмауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің міндеттері:

- отандық және шетелдік педагогика ғылымы саласында шетел тілдерін оқыту тәсілдерін, сабақты дамыту проблемаларын зерттеу;

- «Шетел тілдерін оқыту әдістемесі» пәні бойынша «Ағылшын тілі сабағы» бөлімінің дербес мазмұнын құрастыру және оның электрондық түрін жасау,

- электрондық оқулық негізінде ағылшын тілі сабағын өткізуге болашақ мұғалімдерді оқыту әдістемесін жасау;

- электрондық оқулық негізінде ағылшын тілі сабағын өткізуге болашақ мұғалімдерді оқыту әдістемесін тиімді зерттеу тұрғысынан эксперимент жүргізу.

Зерттеудің әдіснамалық негіздері сабақтың дидактикалық және әдістемелік теориясы, жеке тұлға мен іс-әрекеттің пәнаралық теориясы болып табылады.

Зерттеудің әдістері:

- зерттеу тақырыбы бойынша жұмыс істеуде ғылыми-әдістемелік

әдебиеттерді сын көзбен оқу және талдау;

- педагогикалық үрдісті талдау әдісі (байқау, сауалнама, сұхбат алу, тестілеу, шығармалар, т.б.);

- анықтау және қалыптастыру эксперименттері;

- статистикалық өңдеу әдісі (мәліметтерді талдау, шкалалау, ранжірлеу және т.б.).

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық маңыздылығы:

- сабақ теориясы негізінде «Шетел тілдерін оқыту әдістемесі» электрондық оқу курсының дербес бөлімі «Ағылшын тілі сабағы» мазмұнының жүйесі берілді;

- электрондық оқулық негізінде ағылшын тілі сабағын өткізуге болашақ мұғалімдерді оқыту әдістемесі жасалды.

- электрондық оқулық негізінде болашақ мұғалімдердің ағылшын тілі сабағын өткізуге әдістемелік даярлығының білімдері мен іскерліктерін қалыптастырудың критерийлері мен көрсеткіштері анықталды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- «Delphi 6» тілінде көлемі 173 МБ «Ағылшын тілі сабағы» электрондық оқулығы жасалды.

- Электрондық оқулық негізінде ағылшын тілі сабағын өткізуге болашақ мұғалімдерді оқыту әдістемесі жасалды.

Зерттеудің кезеңдері мен процедурасы:

Бірінші кезеңде (1998-2000 ж.ж.) зерттеу мәселесі бойынша теориялық талдау жасалды, түсіндірме және ғылыми аппараты анықталды, зерттеу материалдары жүйеге келтірілді және талданды. «Шетел тілдерін оқыту әдістемесі» пәнінің «Ағылшын тілі сабағы» электрондық курсын үйрету барысында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің электрондық оқулықты пайдалануға даярлығын жасау жүзеге асырылды.

Екінші кезеңде (2000-2002 ж.ж) «Шетел тілдерін оқыту әдістемесі» пәнінің дербес бөлімі ретінде «Ағылшын тілі сабағы» электрондық курсын үйрету барысында болашақ мұғалімдердің электрондық оқулықтарды пайдалануға даярлығын қалыптастыру мен болжауға бағытталған анықтау және қалыптастыру эксперименттері өткізілді.

Үшінші кезеңде (2002-2004 ж.ж) диссертациялық жұмыстың зерттеу нәтижелері мен тұжырымдарын, негізгі қағидаларын талқылау, диссертацияны рәсімдеу жұмыстары жүргізілді.

Зерттеу базасы, Анықтау эксперименті М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің әлем тілдері факультетінде, Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті Тараз институтының шетел тілдері кафедрасында, Семей мемлекеттік университеті филология факультетінде, қалыптастыру эксперименті М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті әлем тілдері факультетінде өткізілді.

Зерттеудің негізгі қағидалары:

1. «Шетел тілдерін оқыту әдістемесі» пәні бойынша «Ағылшын тілі сабағы» бөлімінің мазмұны студенттердің шетел тілдері сабағының әдістемелік теорияны үйренуіне және оны саналы түрде меңгеруіне

бағытталады.

2. Сабақта электрондық оқулықтарды пайдалануға болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін ін әдістемелік білімдері мен іскерліктерінің критерийлері мен көрсеткіштері-электрондық курстың мазмұнын құрастыру және шетел тілін оқыту әдістемесін үйрету процесінің әдістемелік мақсаты мен міндеттерінің жиынтығы болып табылады.

Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі. Зерттеу жұмысы автордың теориялық ұстанымдарының әдіснамалық дәлелділігінен; зерттеудің ғылыми аппаратының жүйелі құрылуымен; зерттеу әдістерінің кешенді қолданылуымен, зерттеудің бірегей міндеттерімен, эксперимент мәліметтерінің тиянақты талдануымен қамтамасыз етіледі.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және ендіру. Жұмыстың мазмұнын құрайтын негізгі нәтижелері және қорытындылары халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда, шетел тілі кафедрасының отырыстарында ғылыми баяндама ретінде тыңдалды, арнайы басылымдарда, оқу-әдістемелік құралдарда көрініс тапты.

Жарық көрген ғылыми еңбектер: Диссертацияның тақырыбы бойынша орталық ғылыми басылымдар мен ғылыми жинақтарда басылымнан шыққан еңбектер саны - 9.

Диссертацияның құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындылар мен пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалардан тұрады.

Кіріспеде зерттеудің көкейкестілігі негізделіп, мақсаты мен міндеттері, зерттеудің объектісі мен пәні, болжамы, әдіснамалық негіздері, әдістері мен негізгі кезеңдері беріліп, теориялық және практикалық маңыздылығы, ғылыми жаңалығы анықталады және қорғауға ұсынылатын тұжырымдар мен қағидалар айқындалып, зерттеу барысында қолданылған әдіс-тәсілдер сипатталады.

Бірінші бөлім "Педагогика ғылымы мен практикасында сабақ теориясын дамыту" деп аталады. Мұнда сабақ беру әдісін жетілдіруге қатысты тарихи-педагогикалық зерттеулер талданады; шетел тілдерін оқыту теориясы мен әдістемесінің негізгі ұйымдастыру формасы ретінде сабақты жетілдіру жолдары қарастырылады.

Екінші "Шетел тілін оқыту әдістемесі оқу курсының сабақ бөлімі бойынша мазмұнын сұрыптау" деп аталатын **бөлімде** сабақ теориясы негізінде электрондық оқулықтың мазмұны және студенттердің сабақ типтері мен түрлерше байланысты сабақты ұйымдастыру білімдері мен қабілетін меңгеруге бағытталған электрондық оқытудың жолдары сипатталады; электрондық оқулық негіздерін меңгеруге бағытталған интерактивтік тапсырмалар беріледі, студенттердің әдістемелік білімдері тексеріледі.

"Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің электрондық оқулықтарды қолдануға әдістемелік даярлығының қалыптасуына электрондық курстың әсері" атты **үшінші** бөлімде электрондық оқулық негізінде ағылшын тілі сабағын өткізуге болашақ мұғалімдерді оқыту әдістемесі жайлы

баяндалады, педагогикалық эксперимент нәтижелері көрсеткен болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің әдістемелік даярлығының критерийлері мен көрсеткіштерінің динамикасы туралы баяндалады

Қорытындыда зерттеу барысында алынған жұмыстардың қорытындысы бойынша тұжырымдар мен нәтижелері берілген; олардың ғылыми жаңалығы мен дәлелділігі көрсетіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде зерттеу барысында талданған философиялық, психологиялық, педагогикалық, лингвистикалық, әдістемелік және арнайы әдебиеттер берілген.

Қосымшада зерттеу барысында пайдаланылған оқу материалдар жиынтығы беріледі.

Негізгі бөлім

Қазіргі кезеңде жалпыға білім беру барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалануға негізделген ақпараттандыру жағдайында педагогика ғылымы өкілдері мен жалпы педагогтар қауымын «Сабақ проблемасы - сабақ мектептегі білім беру түрдісін ұйымдастырудың негізгі формасы болып қала бере ме; дәрісте электрондық оқулықтарды пайдалану арқылы сабақты қалай өткізуге болады; сабақта электрондық оқулықтарды пайдалану барысында мұғалім қандай міндеттерді шешуі қажет?» - деген тәрізді күрделі де көкейкесті мәселелер толғандырып келеді.

Зерттеу жұмысындағы біздің алға қойған мақсатымыз-"Шетел тілдерін оқытудың әдістемесі" пәні бойынша сабақ теориясын үйрену жағдайында болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің мектепте электрондық оқулықтарды пайдалану арқылы сабақ өткізу әдістемесін ғылыми тұрғыда негіздеу, шетел тілін оқытудың жаңа жүйесін - оқыту үрдісін ақпараттық технологиялармен қамтамасыз етудегі электрондық оқулықтарды пайдалануда болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін олармен жұмыс істеуге баулу, білім алудың әр түрлі дерек көздерін пайдалану арқылы педагогикалық-әдістемелік тұрғыдан даярлау болып табылады. Электрондық оқулықтарды пайдалану арқылы ағылшын тілі сабағын өткізу мәселесі алғаш рет арнайы қарастырылып отыр.

Біздің ойымызша, электрондық оқулықтар мен магниттік негіздегі басқа да оқу басылымдарын пайдаланған кездегі сабақтардың тиімді өтуі үшін, оларды сабақ өткізудің теориясы мен практикасы саласындағы педагогика ғылымы жетістіктерін пайдалану арқылы құрастырған кезде ғана мектеп практикасында толық ақпараттық білім беру ортасы қалыптасады.

Диссертациялық зерттеу жұмысында сабақты ұйымдастыру, өткізу және т.б. мәселелерді қамтитын тарихи-педагогикалық ғылыми зерттеулерге, сабақты сатылап дамыту жолдарына кеңірек тоқталамыз.

Сыныптық-сабақтық жүйенің өзіндік тарихы бар. Сабақ өзінің 300 жылдық тарихында күрделі қайшылықтар даму жолынан өтті. Я.А. Коменский педагогика тарихында тұңғыш рет мектептік оқу жылы ұғымын енгізіп, теория жүзінде сабақ түріндегі оқытуды ұйымдастыруды негіздеді.

Неміс педагогі және философы И.Ф.Гербард, Англияда діндар А.Белль мен мұғалім Д. Ланкастер сабақты жоспарлау, сабақ құрылымын, оқыту теориясын практикаға енгізді, орыс педагогы К.Д.Ушинский сабақтың дамуы мен жетілдіру жолдарына көп нұсқау берді.

1931-1932 ж.ж. бастап сабақ Кеңес мектептерінде оқытуды ұйымдастырудың жетекші түрі ретінде орнықты. Сабақ-оқытуды ұйымдастырудың негізгі түрі ретінде орныға бастасымен-ақ, оны ғылыми зерттеу және ой елегінен өткізу жұмыстары қолға алына бастады. Әдетте, сабақ құрылымындағы негізгі өзгерістер оқытудың дамытушы және тәрбиелеуші қызметін көтеру қажеттілігінен туындайды. Алайда бұл міндетті шешу үшін, ең алдымен, сабақ-оқыту үрдісінің ұйымдастырылуы

ұғымын анықтау қажет болды. Осы орайда сабақ туралы негізінен мынадай анықтамалар тұжырымдалды:

- ғалым И.Н.Казанцев "Кеңес мектептеріндегі сабақ" атты монографиясында оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастырудың жеке және ұжымдық тәсілдеріне, педагогтің жетекшілік рөліне көңіл аудару керектігін, сонымен бірге сабақ құрылымын оқытудың мазмұны мен оқыту әдістерімен ұштастыруды ұсынады;

- ғалым С.В.Иванов "Сабақ құрылымының типтері" атты монографиясында сабақ түріне былайша сипаттама береді: «Сабақтың түрі оның әр түрлі элементтерін бір күрделі де келісімді әрекеттер кешеніне үйлесімді ұйымдастырумен анықталады, ал сабақтың құрылымы-оның жекелеген элементтерін белгілі бір уақыт ішінде нақты орналастыру және әрқилы дидактикалық құралдарды пайдалану техникасы болып табылады»;

- әдіскер ғалым А.Қ.Артықбаева "Сабақ-мектептегі оқу-тәрбие жұмысының негізгі формасы. Өйткені, мұғалім сабақта оқушыларға білім береді, оларды тәрбиелейді және жан-жақты дамытады. Сондықтан шеберлікпен ұйымдастырылған сабақ көп табыстарға жеткізеді"- деп, шетел тілі сабағын ұйымдастыруда және өткізуде мынадай негізгі ерекшеліктерді ескеру керектігін көрсетеді:

1. Әрбір сабақтың мақсаты шетел тілін оқытудағы негізгі мақсатқа сай бағытталуы керек. Ондай мақсат-шетел тілін іс жүзінде меңгеру, оны тіларалық қатынас ретінде пайдалану.

2. Жоғарыдағы мақсатты білім беру, дамыту және тәрбиелеу мақсаттарымен бірге іске асыру.

Сабақ құрылымы мәселесі түрліше шешілді, сабақтың құрылымдық негізі: оқытудың мазмұны, оқыту әдістері, оқыту үрдісіндегі негізгі кезеңдер дидактикалық мақсаттарға байланысты болды. Педагогикада бұл проблеманың монографиялық талдануы З.И.Васильева мен Г.К.Нұрғалиеваның "Педагогикадағы логикалық-құрылымдық бағыт" атты оқу құралында көрініс тапты.

Бұл жағдайда сабақ түрін анықтаудағы басты проблема сабақтың құрылымдық элементтерін кезеңдерге бөлу және орналастыра білу. Сабақтың құрылымы жекелеген сабақ элементтерінің карапайым реттілігі ғана емес, мұғалім мен оқушылардың оқу үрдісі қисынына сай жұмыс істеу тәртібі болғандықтан, бұл мәселенің сабақты жетілдіру жолдарын іздестіруде маңызды орын алатындығы белгілі. Мұндағы басты мақсат-сабақ құрылымының түрі мен орындалар жұмыс мәнінің бірлігіне қол жеткізу.

Ғалымдар Г.В.Рогова, И.Л.Бим сабақтың құрылымы-басталуы (таныстыру), негізгі бөлігі, алдын-ала жаттығу және оларды тәжірибеде қолдану, сабақтың аяқталуы кезеңдерінен тұратынын, олардың әрқайсысының өздеріне тән пәннің ерекшелігін айқындайтын функцияларын талдай келе, оның құрылымының іс-әрекеттік бірлігі-жаттығулар сериясынан тұратынын көрсетіп, сабақты әр қырынан толық

көрсетуге тырысты.

Сабақ құрылымының дәстүрлі талдауын пайдалана отырып, оны құрудың ерекшеліктерін табу мүмкін болмағандықтан, бұл мәселені шешудің жаңаша көзқарастары ұсынылады, өйткені дәстүрлі оқыту қазіргі уақыттың жаңаша талабының ерекшеліктеріне толық сәйкес келе бермейді.

Тілді екінші тіл ретінде оқыту мен үйретудің әр жылдары түрлі әдістемелік ағымдары көп қолданылды және өріс алды. Соның ішінде грамматикалық-аударма, қарым-қатынас әдістемесі, есту-тілдесу, табиғи, тура әдістемелері, Сократ әдістемесі, таңдаушы әдістемесі, жеделдетіп үйрету, "интенсивті оқыту" ("жедел оқыту") белсенділікті арттыру, драматизация, оқытуға коммуникативтік-іс қимылдық тұрғыдан келу әдістемелерінде тіл қарым-қатынас құралы ретінде әрбір сабақта алған білімді күнделікті коммуникативтік қызметте пайдалануға бағытталған, яғни тіл үйренушінің күнделікті қарым-қатынаста, сөйлеу жағдаятында (ситуацияда) қолданатын лексикалық-грамматикалық минимумына, оның негізінде сөйлеу, оқу және жазу арқылы іске асыру мәселелеріне баса назар аударылады.

Қазақстанда қазір интенсивті оқыту мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда, ересектерге арналған формада, кейбір оқытушылардың өз қалауымен, өз әдістемесімен жүргізіліп жүр. Қазақстанның білім беру жүйесінде интенсивті оқыту білім беру жүйесіне міндетті түрде енетін шетел тілін оқытудың бір формасы ретінде мемлекеттік стандартқа енгізілмеген. Шын мәнінде, егер дұрыс әдістемесі анықталып, оқулықтар мен аудиовизуалды құралдармен жабдықталған болса, интенсивті оқыту тілді үйретуде жақсы нәтиже беретін әдістердің бірі.

Жаңаша жаңғырту әдістемесінің (инновация) негізінде үйренушінің дербес қабілеті белсенділігін қалыптастыру, оқыту материалдарын өзінше пайдалану арқылы танымдық белсенділігін арттыру алға шығады.

Жаңаша белсенділігін жандандыру әдістемесі (интерактивтік) студенттерге өзін-өзі ыңғайлы сезінетін жағдайды қалыптастырып, олардың оқуға деген қызығушылығын, шетел тілін өз қажеттілігі үшін практикалық тұрғыдан қолдануға деген ынтасын оятып, тілді оқып үйренуге деген талабын арттырады және де сабақтың нәтижесін жоғарылатады. Интерактивтік тәсіл шетел тілі сабағындағы субъект болып табылатын студенттің жеке тұлғасының сезімін, түйсігін шынайы қажеттілігімен сәйкестендіріп, оның тілдік, танымдық, шығармашылық қабілетін оятумен, шетел тілі сабағын тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолданылуын көздейді, тілді аутенттік контексте қолданылуын қамтамасыз ететіндігімен сипатталады.

Міне, біз осы сияқты тілді шетел тілі ретінде оқытудың көптеген әдістемелік ағымдарын және олардың тиімділігін қарастырдық. Сондықтан да бүгінгі заман талабы дербес (индивид) білім алу (басқа тілді үйрену) жүйесінің өркендеуімен байланысты (өзіндік жеке дара, өз бетімен білім алуы және үйренуі, танымдық қызығушылығының әр түрлі салалы болуы) мәселелерді шешу жолындағы бағыттар дәстүрлі оқыту

жүйесінің тиімділігінің аздығын көрсетіп отыр. Дәл осы жағдай оқыту процесінің тілді шетел тілі немесе екінші тіл ретінде оқытып - үйретудің жаңа тәсілдері мен жолдарын жаңаша қарастыруға итермелейді және өзге тілде сөйлейтіндерге жаңаша үйретудің әдістемесін іздеу, зерттеу және тілді практикада қолдану, оның қайнар кезін іздеуге, оқытудың техникасын өзгертуге ықпалын тигізіп отыр.

Оқыту-оқушылардың жаңа білімді қабылдауы, кәсіби дағдыларын және еңбек іскерлігін қалыптастыру арқылы білім алуын ұйымдастырушы оқытушының іс-әрекеті.

Бұл іс-әрекет түрлері тығыз бірлікте болғандықтан, сабақ мұғалімдер мен оқушылардың өзара әрекеттерін ұйымдастыру түрі ретінде қарастырылады. Сабақты психологиялық-педагогикалық жүйе ретінде қабылдау білім беру теориясының даму үрдісінде қалыптасады. Ол сабақтың мазмұнын, құрылымын, типтерін, оған қойылатын талаптарды негіздейді, оны ұйымдастыру және өткізу әдістемесіне әсер етеді, үлгерім факторларын анықтайды, яғни білім берудің теориялық бастауы сабақтың ерекшелігін, типтерін, түрлерін, құрылымын және т.б. анықтайды деген қорытынды жасауға болады.

Біз зерттеу барысында шетел тілі сабақтарына қойылатын негізгі мақсаттар мен олардың теорияларына сәйкес құрылу принциптеріне, сабақ типтері мен түрлеріне, жаңашыл педагогтардың сабақ бойынша тәжірибелеріне талдау жасадық.

Жалпы ғалым-әдіскерлер шетел тілі сабағының негізгі құрылымдық бірлігі ретінде мыналарды атап көрсетеді:

- фонетикалық жаттығу;
- жаңа тілдік материалмен танысу;
- жаттықтыру;
- сөз тәжірибесі;
- сабақты қорыту.

Ал сабақ типтеріне келетін болсақ, шетел тілдерін оқыту әдістемесінде сабақтардың бірқатар типологиясы кездеседі, олардың негіздерінде әр алуан критерийлер жатыр: дидактикалық мақсат; тапсырмалар көлемі; танысу кезеңінің болуы; тілдік аспектінің басымдылығы; сөз ірекеттерінің түрлері; сөз әрекеттерінің сипаты; оқу материалының мазмұны; оқу құралдары; жеке іс-әрекеттер және т.б.

Қазіргі таңда шетел тілі әдістемесінде шетел тілі сабақтары екі негізгі типке бөлінеді:

- тілдік материалдарды пайдалану қабілеті мен дағдыларын дамытуға бағытталған сабақтар;
- сөз әрекетіне оқушылардың қатысуы орын алатын сабақтар.

Бірінші типтегі сабақтарда жаңа материалмен және оларға қатысты іс-әрекеттерді орындау әдістерімен танысу орын алады; жаңа материал негізінде тілдік материалдарды меңгеру оқушылардың сөз әрекеті процесінде жүзеге асырылады. Материалды меңгеру және сөйлеу қабілетін дамыту арасындағы тығыз өзара байланыс жаттығулардың мақсатты түрдегі

жүйесі негізінде жүзеге асырылады.

Екінші типтегі сабақтарда сөз әрекеттерінің бір түрі (көбіне ауызша жеткізу) ғана дамуы мүмкін немесе сөз әрекеттерінің бірнеше түрлері өзара байланысуы мүмкін, мысалы, тыңдауға үйрету және тыңдалған мәтін негізінде ауызша айту қабілеті мен дағдыларын дамыту.

Шетел тілі сабақтарының бірінші және екінші типтерінің құрылымы - сөз әрекетінің сипатына, оқу құралдарына, оқу материалдарына байланысты өзгеруі мүмкін.

Біз зерттеу жұмысымызда бір топ ғалымдардың шетел тілі сабақтарын негізгі дидактикалық (оқытушы, дамытушы, тәрбиелеуші және практикалық) мақсаттарын сай жіктеген типологиясын қарастырып, жүйелі түрде көрсеттік.

Әдіскер ғалымдар М.Уэст, Е.И.Пассов, И.Ф.Комков, А.Д.Климентенко, А.А.Миролюбов, Н.Н.Гез, М.В.Ляховицкий, Г.В.Рогова, А.А.Леонтьев, Л.З.Якушина, С.К.Фоломкина, А.П.Старковтар жаңа тілдік материалдармен оқушылардың іс-әрекеттерін, білім, білік пен дағдыларды, сөз тәжірибесін (тыңдау, оқу, сөйлеу, жазу), сөйлеу дағдыларын дамытуға, жетілдіруге, сөйлеу іскерліктерін дамытуға бағытталған шетел тілі сабақтарының типтерін анықтайды.

Ал ғалым В.А.Бухбиндер шетел тілі сабақтарының таза сөйлеу сабақтары, біріккен (аралас) сабақтар типін көрсетсе, И.Л.Бим шетел тілі сабақтарын коммуникативтік және коммуникативтік-бағдарлық танымдық қызметтерін қалыптастыруға бағытталған (қарым-қатынастың технологиясы мен құралдарын меңгеру) және коммуникативтік іс-әрекеттің барлық түрін: танымдық, құнды-бағдарлық, басқа іс-әрекеттерді меңгеруді қалыптастыруға бағытталған сабақтар типін ұсынады.

Е.С.Полат проблемалық әдістер бойынша сабақтардың мынадай типологиялық жүйесін жасайды: зерттеуші, шығармашылық, рөлдік ойындар, ақпараттық, практикалық-бағдарламалық, көп жоспарлы, пәнаралық байланыс, т.б.

Я.М.Колкер, Е.С.Устинова, Т.М.Еналиевалар С.К.Фоломкина көрсеткен сабақ түрлері негізінде шетел тілдері сабақтарын жоспарлаудың екі типін ұсынады: бір мақсаттық және көп мақсаттық. Бұл әдіскерлердің теорияларына сәйкес сабақтарды құру принциптері сол күйінде қалады: дағдыларды қалыптастырушы сабақтар міндетті түрде коммуникативтік тапсырмалар сериясымен аяқталады, ал негізгі мақсаты-дағдыларды қалыптастыру болып табылатын сабақтарға жаттығу тапсырмалары кіреді. Бұл жағдайда тілдік материалды қолдану арқылы сабақта жаттықтыруға болады.

Біз зерттеу барысында осы авторлардың әдістемесі бойынша берілген сабақ типтерін ағылшын тілін оқытудың қазіргі заман талабына сай сабақтардың үлгілері ретінде қарастырып, талдау жасадық.

Сабақтардың типологиясының бірінші маңызды критерийі ретінде авторлар сабақта алынатын тапсырмалар көлемін алады, ал екінші маңызды

критерийі ретінде авторлар таныстыру кезеңінің болу-болмауын алға қояды. Осылайша әдіскерлер сабақтарды олардың негізгі мақсаттары бойынша дағдыларды қалыптастырушы сабақтарға бөлуді ұсынады: грамматикалық, лексикалық және фонетикалық.

Педагогикалық және әдістемелік зерттеулер көрсеткендей, критериялық негіздегі сабақтардың ерекшелігі сөйлеу арқылы әдет пен дағдыны қалыптастыру: олар жазба жұмыстар, ойлау, оқу және сөйлесу арқылы жүзеге асады.

Ал сабақтардың деңгейін көтерудің негізгі ерекшеліктері: сабақтың жүйелілігі, көрнекілігі, ойлау жүйесінің негізділігі, сөйлесу мен пікір алмасу түрлері. Бұл реттегі кешендік, әдістемелік, интеллектуалдық сабақ жүйесін таңдау мен талдау, сабақтардың түрлерін жақсарту негізгі мақсат қоюға жеткізеді, сабақтың сапасын көтереді.

Біз зерттеу жұмысымызда қазіргі шетел тілі сабақтарының құрылымына, типтеріне, сабақ өткізу әдіс-тәсілдеріне талдау жүргізе отырып, сабақ ұғымына өз анықтамамызды беруге ұмтылдық: **«қазіргі заманғы сабақ** дегеніміз—мұғалімнің оқу-тәрбие үрдісінде дидактикалық мақсаттарға сай оқытудың әдіс-тәсілдерін, жаңа технологияны пайдалана отырып, шетел тілінде коммуникация жүйесін ұйымдастыруда жеке тұлғалық-бағдарлық және ақпараттық жүйелік әдіс-тәсілдерді жүзеге асыратын кешен».

Диссертациялық зерттеу жұмысымызда біз білім берудегі жеке тұлғаны тәрбиелеу мен дамытуда оқыту үрдісін ақпараттандыру мәселесіне ғылыми -педагогикалық тұрғыдан талдау жасап, болашақ ағылшын тілі мамандарының әдістемелік білім мен іскерліктерін қалыптастыру мәселелерін қарастырдық.

Зерттеуімізде жеке тұлғаны тәрбиелеу мен дамытудың критерийлері мен көрсеткіштерін анықтаған бірқатар ғалымдар [Нұрғалиева Г. Қ., Жүсібалиева Д. М., Ахметов А. К., Түселбаева Ж. А. және т.б.] еңбектерін негізге ала отырып, сабақта электрондық оқулықты пайдалануға болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің әдістемелік білімдері мен іскерліктерін қалыптастырудың критерийлері мен көрсеткіштерін анықтадық.

Электрондық оқулықты пайдалануға болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің әдістемелік білімдері мен іскерліктерін қалыптастырудың критерийлері мен көрсеткіштері оқытудың (білім, білік, іскерліктерінің) жиынтығы болып табылады, олар оның мазмұндылық және психологиялық сипаттамаларын жасап, негіздеу арқылы жүзеге асырылады. Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің әдістемелік білімдері мен іскерліктерін қалыптастырудың мазмұндылық бөлігі болашақ мұғалімнің педагогикалық бағыт-бағдарына байланысты сабақтың теориясы, типтері мен құрылымын сипаттайды.

Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің сабақта электрондық оқулықтарды пайдалануға даярлығының мынадай критерийлері анықталды:

1. Психологиялық даярлық.
2. Дидактикалық даярлық.

3. Әдістемелік даярлық.

Сабақта электрондық оқулықтарды пайдалануға болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің әдістемелік білімдері мен іскерліктерін қалыптастырудың критерийлері мен көрсеткіштері - бұл педагогикалық-психологиялық күрделі жүйе. Бұл жүйе мазмұндылық сипатымен бірге, психологиялық сипатымен де толықтырыла түседі. Мұнда біз жеке тұлға дамуының теориялық негіздеріне сүйене отырып, дамудың негізгі үш саласын: танымдық, мінез - құлық және мотивацияны белгілейміз.

Танымдық саласының мазмұны төмендегідей білімдермен анықталады: жеке тұлғаның жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы ағылшын тілін оқыту әдістемесінің маңызы; оқытудың педагогикалық заңдылықтары мен принциптері; оқытудың ғылыми-әдістемелік жүйесі жайлы білім негіздерінің меңгеру.

Дамудың мінез - құлық саласы: жеке тұлғаның жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы ағылшын тілін оқыту әдістемесі; оқытудың педагогикалық заңдылықтары мен принциптері; оқытудың ғылыми-әдістемелік жүйесін қалыптастыруға қажетті мінез-құлық пен дағдылардың болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің бойынан көрініс табуымен анықталады.

Мотивация саласының мазмұны: білім беру мазмұнының ғылыми құрылымын меңгеруге; сабақтың әр кезеңінде оқыту тәсілдерін дұрыс таңдауға; жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы ағылшын тілін оқыту процесінің әдістемелік жүйесін меңгеруге, оны қалыптастыруға деген қызығушылық пен ынта-ықыластың пайда болуымен анықталады.

Сабақта электрондық оқулықты пайдалануға студенттердің әдістемелік білімдері мен іскерліктерін қалыптастырудың анықталған критерийлері мен көрсеткіштерін негізге ала отырып, біз М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің әлем тілдері факультетінің, А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті Тараз институтының шетел тілі кафедрасының, Семей мемлекеттік университеті филология факультетінің студенттері арасында анықтау экспериментін жүргіздік. Экспериментке 420 студент қатысты. Эксперимент нәтижесі төмендегі кестеде пайыз есебімен көрсетілген [1 кесте],

Дамудың негізгі танымдық, мінез-құлық және мотивация салалары арқылы болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің сабақта электрондық оқулықты пайдалануға даярлығының үш деңгейі анықталды: жоғары, орта, төмен.

Төмен: ақпараттық технологиялар туралы тусінігі бар, бірақ олардың түрлерін ажырата алмайды, жаңаша жаңғыртып оқыту әдістері бойынша білімдері бар, алайда сабақты жоспарлауды білмейді, жаңа ақпараттық технологияның жүйелі өсу заңдылықтары туралы білімі бар, бірақ ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сабақ үрдісінде пайдалану маңызын түсінбейді, сабақ типтері, сабақты ұйымдастыру жөнінде білімдері бар, бірақ сабақты дұрыс өткізудің жүйелі тәсілдерін білмейді.

Кесте 1. Анықтау экспериментінің нәтижелері бойынша сабақта электронды оқулықты пайдалануға болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің әдістемелік білімдері мен іскерліктерінің қалыптасу деңгейі (пайыз есебімен)

критерийлер	Көрсеткіштер	ЭТ	БТ	Деңгейлері, % есебімен					
				Жоғары		Орта		Төмен	
				ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ
Танымдық саласы	1	200	220	25	26,4	40	37,4	35	33
	2			25,5	28,6	39	38,2	35,5	30
	3			26,5	27,7	37,5	37	36	32,1
	4			27	28	39,5	37,8	34,5	31,2
	5			26	29,4	38,5	37,4	35,5	30,3
		Орта есеппен:		26	28	38,9	37,5	35,3	31,3
Мінез-құлық саласы	6			24	25	38,5	36	37,5	35,6
	7			22,5	26	37,5	35,2	40	35,6
	8			23,5	26,8	37	36,5	39,5	33,4
	9			22	26,4	38	37	40	33,4
	10			23,5	25,5	39	37,4	37,5	33,8
		Орта есеппен:		23,1	26	38	36,4	38,9	34,3
Мотивация саласы	11			27,5	27,3	41,5	37,8	31	31,6
	12			28,5	26	42,5	35,2	29	35,6
	13			27	29,4	40,5	38,2	32,5	29,4
	14			28	28,2	42	37,4	30	31,2
	15			26,5	28,6	41	36	32,5	32,1
		Орта есеппен:		27,5	28	41,5	37	31	32
		Жалпы орта есеппен		25,5	27,3	39,4	24,6	35	32,5

Орта: оқытылатын пән бойынша ғылыми-әдістемелік, оқыту әдістерінің мазмұны жайлы білімдерді меңгерген, бірақ жаңаша жаңғыртып оқыту әдістерін сабақта қолдануды түсінбейді; оқытудың педагогикалық заңдылықтары мен принциптерін біледі, бірақ жана ақпараттық-технологияның жүйелі өсу заңдылықтары туралы мәлімет бере алмайды; шетел тілі сабағының құрылымы мен кезеңдері жайлы біледі, алайда оларды сабақты жоспарлауда нақтылы көрсете алмайды; ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сабақ үрдісінде пайдалану маңызынан білімдері бар, бірақ оларды сабақ үрдісінде пайдалана алмайды; сабақты жоспарлай алады, бірақ сабақты ұйымдастыру мен дұрыс өткізудің жүйелі тәсілдерін білмейді.

Жоғары: оқытылатын пән бойынша ғылыми-әдістемелік, оқыту әдістерінің мазмұны жайлы біледі, оқытудың педагогикалық заңдылықтары мен принциптерін біледі, жаңа ақпараттық-технологияның жүйелі өсу заңдылықтары туралы мәлімет бере алады; шетел тілі сабағының құрылымы мен кезеңдері жайлы біледі, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сабақ үрдісінде пайдалану маңызынан білімдері бар, электронды оқулықтарды сабақта пайдалана алады; сабақты жоспарлау, сабақты ұйымдастыру мен дұрыс өткізу, сабақты талдаудың жүйелі тәсілдерін біледі.

Анықтау экспериментінің нәтижесі болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің сабақта электрондық оқулықты пайдалануға белгілі бір білім қажеттілігін түсінуі жеткіліксіз дәрежеде екенін, қажетті әдістемелік білімдер мен іскерліктерді толық меңгермегенін, оған қызығушылығы мен ұмтылысының нашар жетілгенін байқатты.

Бұл қажеттіліктерді шешуде жоғары оқу орындарында «Шетел

тілдерін оқыту әдістемесі» оқу пәнінің мүмкіндіктерін пайдалану болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің әдістемелік білімдері мен іскерліктерін қалыптастырудың негізі болып табылады.

Сондықтан біз зерттеу жұмысымызда болашақ мамандарды кәсіби деңгейде ағылшын тілінен сабақ беруге даярлау мақсатында оқу үрдісінің білім, білік және дағдыларды қалыптастыру әдістеріне талдау жасап, электрондық оқулықтарды қолданудың мақсат-міндеттерін анықтадық. Сонымен бірге жас мамандарды даярлауда қазіргі заман талабына сай әдіс-тәсілдерді үйрету, соның ішінде интерактивтік тәсілдерді қолдану мәселелерін қарастырдық.

Оқытудың кез келген технологиясы өзгерістерге сай студенттер мен оқытушылардың жалпы өмір практикасының талаптарына орай ыңғайланып отырады. Мәселен, 70-ші жылдары ақпараттың қағаз (кітаптар) және пленка (диапозитивтер, киноматериалдар) сияқты тасымалдаушыларына негізделген ақпараттық технологиялар ұғымы пайда болса, кейінгі жылдары ақпараттық технологиялар дамуында компьютерлер, аудио-бейнетехника және коммуникация жүйелерінің әртүрлі электрондық құралдары ерекше орын алды. "Оқытудың жана ақпараттық технологиялары" ұғымы дәл осы құралдарға байланысты анықталды.

Қазақстанда қашықтықтан оқыту Республикалық ғылыми-әдістемелік білімді ақпараттандыру орталығы (РБАО) жасаған электрондық оқулықтарды және оқу бейнефильмдерін пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Оқу электрондық оқу залында - мектеп жанындағы теледидарлық-техникалық орталықта өткізіледі.

Қазіргі ақпараттық технологиялардың дамуы кезеңінде электрондық оқулықтардың ерекшелігі - үлгіге сәйкестілігі мен жоғары мобильділігі, оқуға, үйренуге икемділігінде болып табылады. Электрондық оқулықтар оқу және зерттеу материалдарын толықтыратын, қосымша қолдануға толық жарайтын қажетті құрал болып есептеледі. Электрондық оқулықтарды мына мақсаттарға пайдалануға болады:

1. Электрондық анықтама ретінде;
2. Электрондық есеп ретінде;
3. Иллюстративтік материал ретінде;
4. Оқулық ретінде.

Электрондық оқулық-ғылыми-педагогикалық құрал. Электрондық оқулықтардың жасалуы, модульдік оқудың педагогикалық теориясы болып есептеледі. Оқулықтар мемлекеттік оқу бағдарламасына сәйкес жасалады. Оған әрбір пәннің мамандары, көрнекті саланың ғалымдары мен педагог - дидакттар, әдіскерлер, программист - дизайнерлер, операторлар қатысады.

Электронды оқулықтармен жұмыс негізгі үш деңгейде атқарылады:

- "оқу"
- "оқыту"
- "бақылау және тексеру".

Электрондық оқулықты біз оқу үрдісін автоматтандыру тұрғысынан

алып қарап, оның мынадай құрамдарын көрсеттік: ырғақты-мақсатты (модульдер арқылы жүзеге асырылады), мазмұнды (гипермәтін), жедел-қызметті (интерактивтік тапсырмалар) бағалық-қорытынды-нәтижелі (тесттер).

Электрондық оқулықтар студенттердің өз бетінше жұмысын және олардың жоғары танымдық белсенділігін арттырады, олардың терең де тиянақты білім алу сапаларын көтереді. Сонымен бірге барлық оқу процесінің-алға қойған мақсатынан бастап, қол жеткен нәтижесіне дейінгі аралықты қамтиды, студенттерге үлкен ақпараттық білім кеңістігіне жол көрсетеді. Ақпараттық білім беру - танымдық ойлау мен ақпараттық өзіндік анықтамалар, білімді автоматты түрде бағалаудың тестілік әдістерін даярлап береді. Тест - қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде даярланады. Электрондық оқулықтар әртүрлі ақпарат жиынтығын, студенттерге білім берудің негізгі пайда болу орталықтары туралы толық мәлімет бере алады.

Электрондық оқулықтар толық курстың жеке бөлігін құрайтын, белгілі ақпараттық, жүйелі қызмет атқаратын білім жиынтығы - модульден тұрады, ол студенттің толық, жүйелі түрде білім алуын қалыптастырады.

Модуль тиянақты білім жүйесі, оқу үрдісінде ырғақты-мақсатты бөлігін қамтамасыз етеді. Модульдік оқудың технологиясы оқытушыға педагогикалық жүйенің негізін түсінуге жағдай жасай отырып, оқытудың теориясы мен практикасын өзара байланыстыруға, оны технологиялық деңгейге дейін көтеруге жағдай жасайды. Модульдер электрондық оқулықтардың ғылыми білім жүйесін, өзара байланыс қызметінің жиынтығын аша түсетін мазмұнды дидактикалық бірлік болып табылады.

Модульдік оқу жүйесінің тиімділігі және оның нәтижесі, көбінесе қолданылатын материалдың сапасына байланысты. Сондықтан модульдік оқудың ең басты міндеті, модульдік негізде сапалы модульдік түрлендіру жүйесін ұдайы жасап отыру. Модульдің тағы бір ерекшелігі - пәнаралық байланысты ұдайы жетілдіріп отыру, педагогика курсының мазмұнын түрлендіріп отыру және белгілі модульдік жүйені жасау болып табылады.

Оқу үрдісін ақпараттық техникамен қамтамасыз ету жағдайларының өзгеруі - оқулықтар дамуының жаңа кезеңі электрондық оқулықтың пайда болуына әсер етті. Өйткені нақты жағдайда қысқа мерзімде ақпарат тасқынын іріктеп, пайдалануға үйрену керек, әрбір құбылысқа шығармашылықпен қарап, өз бетінше ақпараттардың ең тиімділерін, мазмұндыларын таңдап алуға қалыптасу қажет, сонымен бірге біз болашақ мұғалімдердің өз қабілетін үздіксіз арттыруына, шығармашылықпен ойлай білуіне жағдай жасауымыз керек. Ал бұл мақсаттарға жетуге оқу үрдісінде электрондық оқулықтарды пайдаланудың маңызы өте зор.

Сондай оқулықтардың бірі-шетел тілдері мамандығы студенттеріне арналған «Ағылшын тілі сабағы» электрондық курсы (1-сурет).




1 сурет- «Ағылшын тілі сабағы» электрондық оқулығы.

«Ағылшын тілі сабағы» электрондық оқулығының бағдарламасы Қазақстан республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен жоғары оқу орындарына арналған типтік бағдарлама негізінде жасалған. Бұл электрондық оқулық коммуникативтік-практикалық мақсатты көздейді және сауатты болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін әдістемелік тұрғыдан даярлау, студенттердің сөйлеу мәдениетін жетілдіру, өзара коммуникативтік қарым-қатынасты жандандыру, интеллектуалдық біліктілікті арттыруды басшылыққа алады.

Бұл электрондық оқулықта студенттердің өз білімдерін толықтыруларына және өз бетінше жұмыс істеулеріне арналған қосымша теориялық материалдар, сонымен бірге әр түрлі тақырыптарға арналған сабақ жоспарлары мен үлгілері берілген. Электрондық тәсіл сапалы және жоғары деңгейде білім беру мүмкіндігін, оқытудың автоматтандырылған жүйесін туғызады.

Жаңа ақпараттық технология негізінде жасалған бұл оқулық модульдік технология негізінде құрылған бір модульден тұрады. Қашықтықтан оқытуда маңызды рөл атқаратын дыбысталған "Ағылшын тілі сабағы" электрондық курсы иерархиялық блок-сұлба түрінде берілген. Ол мынадай тақырыптар бойынша жүйелі байланысқан: «Әдіснама», «Ұғым», «Сабақ», «Принциптер», «Сабақ типтерінің негізі», «Мұғалімнің сабаққа даярлығы», «Сабақтың құрылымдары мен кезеңдері», «Тапсырма», «Сабақтың жоспары», «Сабақты талдау», «Тест» тапсырмалары (2-сурет).



2 сурет- «Ағылшын тілі сабағы» модулі.

2-сурет. «Ағылшын тілі сабағы» модулі.

Біз «Ағылшын тілі сабағы» электрондық оқулығын пайдалануға даярлық кезінде төмендегі аспектілерді негізгі нысанға алдық:

1. Пәндік-мазмұндық. Біздің сабағымызда бұл аспект ақпараттандырудың қажетті минимумы болып анықталады,
2. Тілдік. Студенттердің өз білімдерін ағылшын тілінде көрсетуі үшін қажетті де жеткілікті лексикалық бірліктерді іріктеуден тұрады.
3. Коммуникативтік. Бұл аспект коммуникативтік міндеттерді шешу үшін ақпаратты жеткізу, берілген ақпаратты іріктеп алу үшін лексикалық бірліктерді мақсатты түрде пайдалану арқылы іске асады.

Бұл курс студенттердің оқу үрдісінде ұйымдастырушылық қабілетін көрсетуінен, жеке тұлға ретінде даму дәрежесінен, ұжымдық түрде орындайтын қызметтерінен, жауапкершілікті сезінуінен, қысқаша айтқанда олардың шығармашылық белсенділігінен құралады.

«Ағылшын тілі сабағы» электрондық оқулығын жасауда шетел тілін оқытудың дидактикалық, психологиялық және лингвистикалық негіздеріне сүйене отырып, төмендегі міндеттер қойылды:

- студенттерді жаңа және бұрыннан таныс сөздік қорларын пайдалана отырып, сөздік тәжірибеге жаттықтыру;
- студенттердің сөздік қоры көлемін мүмкіндігінше ұлғайту;
- студенттердің сөздікпен, гипермәтінмен, өз бетінше жұмыс жасаудағы дағды мен іскерліктерін жетілдіру.

Оқу процесін ұйымдастыру мен тапсырмалар жүйесін құру типтік оқу - тәрбие мәселелерін шешу процесінде оқытудың негізгі тәсілдерін қолдануға мұғалімнің шығармашылық әдісті қолдануын талап етеді. Студенттерге арналған тапсырмалар, олардың орындалуы шығармашылық әдісті талап ететіндей, оқу ситуацияларының шартын талдауға үйрететіндей, олардың ішінен осы нақты жағдайда оқыту әдістері мен тәсілдерін таңдауға әсерін тигізетіндей және сабақ міндетті талабын анықтайтындай етіп келтіріледі.

Тапсырмалар жүйесін құрастырғанда маңызды орын психологиялық ерекшеліктер мен әдістемелік іскерлікке қалыптастыру кезеңіне бөлінеді. Әдістемелік іскерліктің сапалы сипаттамаларының табысты қалыптасуының басты шарттарының бірі болып, практикалық қызмет пен теориялық білімнің оптимальді үйлесу принципін сақтау болып табылады. Тапсырмалар жүйесінің барлығы әдістемелік іскерлікке сай қалыптасуына бағытталғандықтан дайындалған тапсырмаларды орындау тәсілін анықтауда психологиялық сипаттама, операциялық құрылымы мен әдістемелік іскерліктің қалыптасу мүмкіндіктерін ескеру қажет.

Бұл электронды оқулықтың әр шағын модуліне қосымша материалды толық меңгеру үшін, студенттердің өз бетінше шығармашылық жұмыстармен айналысуы үшін өтілген оқу материалдарына сәйкес тапсырмалар мен жаттығулар жүйесі берілген (3-сурет).

Тапсырмаларды тексеру шағын модульді аяқтағаннан соң, ал тест арқылы бақылау негізгі модульді өткеннен соң жүргізіледі. Студенттердің дидактикалық және әдістемелік даярлықтарына арналған тапсырмалар олардың белсенділігін қалыптастырады.



3 сурет-Тапсырма түрлері.

Жеке тұлғаның белсенділігін өлшемі оның өз алдына байыпты, нақты мақсаттарға жетудің қабілеттілігін, оларға жетудің сенімді құралдарын анықтайды. Оқытудың мақсаттарын өз бетінше жеке қабылдау өз білімін жетілдірудің мақсаттары мен міндеттері белгілі қызмет түрлеріне ауысуы аса маңызды болып табылады.

Микромодуль-бұл білімді тереңірек әрі жан-жақты ашатын білім жүйесі. "Ағылшын тілі сабағы" электрондық оқулығындағы қосымша модуль төмендегі тақырыптарды қамтиды: "Оқушылардың танымдық қызметінің кезеңдері бойынша сабақтар типологиясы", "Сабақ оқыту әдістерін жүйелеу», «Оқыту әдісінің танымдық белсенділігін арттыру классификациясы», "Сабақты талдаудың түрлері мен типтері", "Мұғалімнің, өз сабағын бағалауы мен талдауы".

«Ағылшын тілі сабағы» электрондық оқулығының мазмұнды құрамдарын зерттеу кезінде алған білім болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің сабақты ұйымдастыруға дайын болуына және мектепте оқушыларды тәрбиелеу үрдісінде кәсіптік біліктілік танытуына жол ашады. Гипермәтінде елестететін мәтінді пайдалану (негізгі сөзді түрлі бояумен және шрифпен еркешелеу), жоғары сапалы бейнелердің, суреттердің дидактикалық талаптарына жауап береді, оқып отырған материалды қабылдауды жеңілдетеді.

Сонымен бірге электрондық оқулықта мультимедиа технологиясын кеңінен пайдалану, біртұтас бағдарламалық басқару ортасында сан алуан ақпарат түрлерін-бейнелеу, анимация (көрнекіліктер), дыбыстауды қамтамасыз етеді. Мультимедиа технологиясы оқулық материалының көрнекілігін және нақтылығын арттырады, оқылатын ақпараттардың компьютерді пайдалану есебінен арнаға кешенді әсер етуін қабылдауды күшейтіп, әсерін тигізеді. Яғни электрондық оқулықты сабақта қолдануда әртүрлі оқыту әдістері-сабақта тек айтып-түсіндіріп қана жеткізетін тәсіл түрленіп, көрсету арқылы, соның көмегімен білім берудің сапасы артады.

Біз түзген әдістемеді электрондық оқулықтардың ерекшеліктеріне тоқталып, оларды сабақта пайдалану барысындағы ағылшын тілі сабақтарының бірнеше үлгілерін бердік және осы электрондық оқулықтың тиімділігін тексеруге бағытталған қалыптастыру эксперименті жұмысының қорытындылары берілген. Бүгінгі таңда қоғамдық өндірістер мен ғылым салаларында, білім беру жүйесінде ақпараттық технология кеңінен пайдаланылуда. Сондықтан оқытудың дәстүрлі әдістерімен қатар жас мамандарды даярлау барысында ақпараттық технологияны оқу құралы ретінде пайдалана отырып, компьютерлік үлгілеудің көмегімен шетел тілін оқытудың белсенділігін арттыруға болады. Қалыптастыру эксперименті барысында біз «Ағылшын тілі сабағы» модулінің мазмұнын анықтап, сұрыптау жасадық. «Ағылшын тілі сабағы» модулінің мазмұны "Шетел тілдерін

оқыту әдістемесі" ғылымының соңғы жетістіктерін, жоғары оқу орындарының озық ғылыми-әдістемелік тәжірибесіне сүйене отырып жасалынған.

Біздің эксперименттік жұмысымыздың мақсаты - сабақта электрондық оқулықтарды пайдалануға болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің әдістемелік білімдері мен іскерліктерінің қалыптасу бағасын айқындаумен қорытындыланады.

Зерттеу жұмысымыздың қалыптастыру экспериментіне барлығы 420 жоғарыда аталған университет студенттері катысты. Эксперименттік топта 200 адам және бақылау тобында 220 адам болды.

Эксперимент нәтижелері болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің сабақта электрондық оқулықтарды пайдалануға даярлығын қалыптастыру диагностикасы бойынша пайыз есебімен шығарылды. Эксперимент нәтижесі төмендегі кестеде пайыз есебімен көрсетілген (2 кесте).

Кесте-2 Қалыптастыру экспериментінің нәтижелері бойынша сабақта электрондық оқулықты пайдалануға болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің әдістемелік білімдері мен іскерліктерінің қалыптасу деңгейі (пайыз есебімен)


критерийлер	Көрсеткіштер	ЭТ	БТ	Деңгейлері, % есебімен					
				Жоғары		Орта		Төмен	
				ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ
Танымдық саласы	1	200	220	33,8	30,4	35,2	28,8	20,8	27,7
	2			35,2	22,1	37,4	28	20,8	24,2
	3			36,5	31,6	34,7	29,2	19,2	25,5
	4			37,4	32	38,2	27,6	20,4	21,1
	5			38,7	30	36,5	29,6	20,4	21,5
		Орта есеппен:		36,3	31,4	36,4	28,6	20,3	24
Мінез-құлық саласы	6			39,6	32,8	34,3	28	19,2	22,8
	7			39,2	33,6	37,8	30	16,4	19,8
	8			40,4	34	35,6	29,2	16,8	20,6
	9			38,2	32	39,6	28,8	19,2	18,9
	10			37,4	34,8	38,7	28	17,2	20,6
		Орта есеппен:		38,9	33,4	37,2	28,8	17,7	20,5
Мотивация саласы	11			39,6	32,4	40,4	29,6	18	16,7
	12			37,8	31,6	39,1	30,8	17,6	19,8
	13			34,7	33,2	40	27,6	19,2	22
	14			41,8	34,4	37	28,4	17,2	18
	15			40	33,6	37,8	30	16,4	19
		Орта есеппен:		38,7	33	38,8	29,2	17,6	19,1
		Жалпы орта есеппен		37,4	28,8	38	32,5	18,5	21,2

Университет студенттеріне өзіміз дайындаған әдістеме бойынша сабақта электрондық оқулықтарды пайдалануға болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің әдістемелік білімдері мен іскерліктерін қалыптастыру жиынтығын тексеру мақсатында дайындалған сұрақтарға жауап беру ұсынылды. Атап айтқанда, білімді ақпараттандыру процесіне даярлық бағдарлары бойынша өздерінің білім, білік, дағдыларын бағалау тапсырылды. Болашақ мамандарға жалпы 60 сауалнама құрайтын анкета сұрақтары беріліп, "Менің бірінші сабағым" тақырыбында шығарма жұмыстары жүргізілді. Сонымен бірге тест жұмыстары негізгі модуль бойынша

құрастырылды. Біз құрастырған тест жұмысының мақсаты - жыл бойы оқылған оқу бағдарламасының негізгі, түйінді бөлімдерін камти отырып, (студенттердің білімін) тексеру болды.

Қалыптастыру экспериментінің соңында болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің әдістемелік даярлығының көрсеткіштерінің артқаны, он өзгерістер бергені байқалды. Біздің ойлауымызша, мұндай нәтижеге жетуге электрондық оқулықтың ерекшелігі әсер етті: тесттік тапсырмалардың көпшілігі кез келген пәннің барлық материал көлемін қамтуына байланысты, тестіленушінің өзінің жете білімін көрсетуіне мүмкіншілік беретін интерактивтік түрде тесттің қолданылуы; сапалы, әрі жылдам білімді меңгеру үшін оқуға арналған таптырмайтын әдебиеттерге қол жетерлігі; оқулық беттерінің барлығын қарап шығу және әр түрлі нұсқаулар бойынша ақпараттарды іздестіру жүйесінің икемділігі; қарапайымдылық (нақтылық пен қысқалықтың нәтижесі) және т.б.

Сабақта электрондық оқулықты пайдалануға болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің әдістемелік білімдері мен іскерліктерінің қалыптасу деңгейін біз диаграмма арқылы бейнеледік, яғни болашақ мамандардың жауаптары салыстырмалы түрде пайыз есебімен берілген (4-сурет).



4 сурет- Ағылшын тілі сабағында электронды оқулықты пайдалануға болашақ мұғалімдердің әдістемелік білімдері мен іскерліктерінің қалыптасу деңгейі (пайыз есебімен).

4 сурет- Ағылшын тілі сабағында электронды оқулықты пайдалануға болашақ мұғалімдердің әдістемелік білімдері мен іскерліктерінің қалыптасу деңгейі (пайыз есебімен).

Берілген диаграммадан алғашқы тексеру мен қорытынды тексеру арасында біршама айырмашылық байқауға болады, сондықтан біз ұсынып отырған әдістемені бірден-бір тиімді деп санаймыз.

Зерттеу барысында дайындалған теориялық қағидалар мен педагогикалық эксперимент жұмыстарының нәтижесінде алынған мәліметтер мынадай **қорытынды** жасауға мүмкіндік берді:

- педагогика ғылымы меп практикасындағы сабақ мәселесі күрделі және көпәспектiлi процесс. Сабақ теориясын оқып-үйрену, болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің оқыту және тәрбиелеу теориясы мен

әдістемесі мамандығы бойынша әдістемелік білімдері мен іскерліктерін қалыптастыруға бағытталған;

- электрондық оқулықты пайдалануға болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің әдістемелік білімдері мен іскерліктерін алыптастырудың критерийлері мен көрсеткіштері-білім, білік, іскерліктерінің жиынтығы бола отырып, жеке тұлға дамуының мазмұндылық және психологиялық сипатын анықтайды;

- «Ағылшын тілі сабағы» бөліміне жасалған электрондық оқулықтың мазмұнының тиімділігі анықталған критерийлер мен көрсеткіштер жиынтығына сәйкес студенттердің әдістемелік білімдері мен іскерліктерінің қалыптасу диагностикасының нәтижелерімен дәлелденеді;

- сабақта электрондық оқулықтарды пайдалануға болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің әдістемелік білімдері мен іскерліктерін қалыптастыру процесінің теориялық негіздеріне білім берудің жана теориялары, жеке тұлғаны бағдарлау теориялары және педагогикалық-психологиялық теориялар жатады.

Эксперимент барысында біз жасаған зерттеудің ғылыми болжамы практика жүзінде жүзеге асты, электрондық оқулықтар негізінде ағылшын тілі сабағын өткізуге болашақ мұғалімдерді оқыту әдістемесі мына жағдайда тиімді болды, электрондық оқулықтардың мазмұны педагогикалық ғылымның жетістіктеріне теориялық тұрғыдан негізделді, ал электрондық оқулықтардың тәсілдері студенттердің жүйелі білім алуына және сабақтың құрылымын түрлі жағдайда түрлендіре алатын бағытты қамтамасыз етті, сөйтіп, ақпараттық оқыту ортасында бірегей жағдай туындады, мұның өзі компьютерлік техниканы пайдалануда, электрондық оқулық басылымдарында кездесетін психологиялық кедергілерді болдырмауға мүмкіндік берді, себебі, шетел тілінде қарым-қатынас процесін ұйымдастыруда жеке тұлғалық-бағдарлық және ақпараттық жүйелік әдіс-тәсілдер жүзеге асатыны дәлелденді.

Біздің бұл зерттеу жұмысымыз алғашқы жұмыстардың бірінен болғандықтан, келешекте бұл мәселені толық шешу үшін жүргізілетін зерттеулерде жалғасын табарына сенеміз және біздің осы еңбегіміз келесі зерттеу жұмыстарына өз септігін тигізеді деп ойлаймыз.

Диссертация тақырыбы бойынша автордың жарық көрген жұмыстары:

1. Сөздің жасалуының қазақ және ағылшын тілдеріндегі кейбір ерекшеліктері. //Материалы научно-методической конференции, посвященной памяти профессора М.М.Копыленко. (Е.Н.Баранцевамен бірлестікте) КазГУМО и МЯ им. Абылай хана. Алматы, 1999, 163-166 с.

2. Создание информационно-образовательной среды в условиях

информатизации образования. //Материалы международной научной конференции посвященной "10 лет независимости Казахстана: итоги и перспективы развития" Университет "Кайнар ", Алматы, 2001, 477-479 с. (в соавторстве с Н.М.Минаевой).

3.Влияние интерактивных методов обучения на формирование знаний студентов об уроке. //Материалы международной конференции "Проблемы тюркологии: настоящее и будущее". Казахский Государственный ЖенПИ, Алматы, 2001, 288-290 с.

4.Методические рекомендации для учителей. Методика использования электронного учебника «Английский язык» (11 класс). Алматы, 2002, 350 МБ. (в соавторстве с М.К.Нуржановой).

5.Ағылшын тілі сабағының мазмұнын менгерудегі интерактивтік тапсырмалар. //Лзденіс,№ 4 (2), Алматы, 2003, 263-265 б. (С.С.Құнанбаевамен бірлестікте).

6.Электрондық оқулықтардың әдістемелік білім жүйесінің модульдік негізі. //«Білім берудегі менеджмент» журналы. № 3, Алматы, 2003,140-145 б.

7. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің электронды оқулықтарды пайдалануға даярлықтарының критериялық үлгісі. // әл-Фараби атындағы ҚазҰМУ-дың хабаршысы, №1, Алматы, 2003, 56 -59б.

8. «English for Economics» оқу құралы. Алматы, 2003 ж. 64 б. (Е.Н. Баранцева, А.С.Байбосынова, Ә.Қ.Күртебаевалармен бірлестікте).

9. «Sport in England» оқу-әдістемелік құралы. Алматы, 2003, 76 б. (З.Қ. Аяпбергеновамен бірлестікте).

Нурманалиева Ултай Тлегеновна

Методика обучения будущих учителей к проведению уроков английского языка на основе электронного учебника (английский язык, языковой вуз)

13.00.02.-Теория и методика обучения и воспитания (романо-германские и тюркские языки в системе начального, среднего и высшего образования).

Актуальность исследования. Концепция развития системы образования Республики Казахстан до 2015 года, утвержденная Правительством в феврале 2004 года ориентирована на обучение школьников, начиная с начальных классов, на 3-х языках: казахском, русском и английском. При этом отводится большая роль информатизации учебного процесса с использованием современных информационно-коммуникационных технологий, В этих условиях остро встает вопрос о методической подготовке учителей к организации учебного процесса на основе электронных учебных изданий.

Данное исследование выполнено в русле концепции С.С.Кунанбаевой по информатизации методической подготовки учителей иностранных языков и направлено на разработку теоретических положений конструирования самостоятельной главы «Урок» электронного учебника «Методика обучения иностранным языкам». Замысел исследования состоит в том, чтобы подготовить будущих учителей-методистов к использованию электронных учебных изданий в процессе обучения их самих в вузе методике проведения уроков английского языка с использованием электронного учебника.

Объект исследования - методическая подготовка студентов педагогических факультетов языковых вузов.

Предмет исследования - методика обучения будущих учителей к проведению уроков английского языка на основе электронного учебника.

Цель исследования состоит в теоретическом обосновании методики обучения будущих учителей к проведению уроков английского языка с использованием электронного учебника в курсе учебного предмета "Методика обучения иностранным языкам".

Гипотеза исследования. Методика обучения будущих учителей к проведению уроков английского языка на основе электронного учебника будет эффективной, если: конструирование содержания электронного учебника будет основано на достижениях педагогической науки в области теории урока, а способы электронного обучения будут направлены на овладение студентами системы знаний и умений построения уроков по различным их типам и видам, то будут созданы условия функционирования методики как информационно - обучающей среды в форме постоянной базы данных для подготовки будущих

учителей к уроку, так как произойдет снятие психологического барьера в использовании компьютерной техники и электронных учебных изданий.

Задачи исследования:

1. Изучить состояние развития проблемы урока в отечественной и зарубежной педагогической науке в области методики обучения иностранным языкам.

2. Провести отбор содержания самостоятельного раздела «Урок» в курсе учебного предмета «Методика обучения иностранным языкам» и создать ее электронную версию.

3. Разработать методику обучения будущих учителей к проведению уроков английского языка на основе электронного учебника.

4. Провести эксперимент по изучению эффективности методики обучения будущих учителей к проведению уроков английского языка на основе электронного учебника.

Диссертация состоит из введения, 3-х глав, заключения, списка использованной литературы и приложения.

Во введении представлен научный аппарат исследования.

В первом разделе «Развитие теории урока в отечественной и международной педагогической науке» представлен историко-педагогический и методический анализ исследований по проблеме урока.

Во втором разделе «Отбор содержания по разделу урока в курсе учебного предмета по методике обучения иностранным языкам» дается характеристика модуля электронного учебника на основе теории урока и способов электронного обучения, направленных на овладение студентами системы знаний и умений построения уроков по различным их типам и видам.

В третьем разделе «Влияние электронного учебника на методическую подготовку студентов к проведению уроков английского языка» раскрывается методика обучения будущих учителей к проведению уроков английского языка на основе электронного учебника; описывается педагогический эксперимент; раскрывается динамика критериев и показателей методической готовности учителей английского языка к проведению уроков с использованием электронных учебников.

В заключении охарактеризованы полученные нами в ходе исследования научно-педагогические результаты:

- аналитический обзор педагогической и методической теории урока;

- обоснование содержания самостоятельного раздела «Урок английского языка» в электронном курсе учебного предмета «Методика обучения иностранным языкам» на основе теории урока;

- методика обучения будущих учителей к проведению уроков английского языка на основе электронного учебника;

- разработка критериев и показателей методической

подготовки будущих учителей к проведению уроков английского языка на основе электронного учебника.

Список использованной литературы включает 174 источников. В приложении представлены первичные материалы.

Nurmanaliyeva Ultay Tiegenovna

Methods of training future teachers to conduct English lessons on the base of electronic textbook (English, high school)

13.00.02 - A Theory and methods of teaching and up-bringing (Roman -German and Turkish languages in system initial, average and higher education).

Actuality of the investigation. The conception of the development of educational system of the Republic Kazakhstan till 2015, adopted by the Government on February 2004 is orientated to the pupils training from elementary schools in three languages: Kazakh, Russian and English. It is necessary to point that great attention is paid to the role of informatization in the process of teaching to use up-to-date information-communication technologies. According to this point the problem of methodical preparing future teachers to use electronic textbooks at English lessons is supposed to be the most important.

This investigation was based on the conception by S.S.Kunanbaeva which is dealt with informatization of methodical preparing of foreign languages teachers. Our research is directed to working out theoretical questions dealing with designing of an independent chapter "Lesson" of the electronic textbook "Methods of Teaching Foreign Languages". The main point of our research is to prepare future teachers-methodists who are ready to use electronic books themselves in the process of training at University and conducting their future lessons at schools.

Object of the research. Methodical preparing of students at educational training faculties of languages in High Schools.

Subject of the research, Methods of teaching future teachers to conduct English lessons using electronic textbook.

Aim of the research is to ground the theory of methods of training future teachers to conduct English lessons on the base of the electronic textbook.

The hypothesis of the research. Methods of training future teachers to conduct English lessons on the base of the electronic textbook is going to be effective, if designing content of the electronic textbook is based on the achievements of the pedagogical science in the field of lesson theories, and if electronic training ways are directed to obtaining systems of knowledge and skills of organizing different types of lessons by students, in this case there are supposed to be conditions for functioning methods as information - training ambiences in the form of constant data base for preparing future teachers to their lessons, so this will help teachers overcome psychological barrier in using computer technology and electronic textbooks at the lessons.

Tasks of the research:

1. To study the condition of developing problem of lessons in home

and foreign pedagogical science in the field of methods of teaching foreign languages.

2. To make selection of the content of the independent section "Lesson" in the course of the subject "Methods of Teaching Foreign Languages" and work out its electronic version.

3. To work out methods of training future teachers to conduct English lessons on the base of electronic textbook.

4. To conduct the experiment for clearing up efficiency of teaching training methods of future teachers to deliver English lessons on the base of electronic textbook.

Scientific novelty of the research consists in that

- the contents of the independent section "Lesson" in the electronic course of the subject "Methods of teaching of foreign languages" was selected.

- methods of training future teachers to conduct English lessons on the base of electronic textbook was worked out.

- the criterion and indices of the forming the abilities and skills of the future English teachers to conduct lessons using electronic textbook were defined.

The practical value of the research consists in that the electronic book "English Lesson" 173 MB of volume was worked out on language "Delphi".

The Thesis consists of an introduction, 3 chapters, conclusions, a list of the used literature and an appendix.

The scientific apparatus of the investigation is presented in introduction.

The first chapter "Development of theory of lesson in home and foreign pedagogical science" touches upon historical-pedagogical and methodical analysis of the research on the problem of lesson.

The second chapter "Selection of the content of the part "Lesson" of the electronic textbook "Methods of Teaching of Foreign Languages" speaks about modules of the electronic textbook based on the theory of lesson and electronic training ways directed for mastering systems of knowledge and skills to organize teaching process of different types and sorts.

The third section "Influence of the electronic textbook on methodical preparation of students to conduct English lessons" reveals methods of training future teachers to conduct English lessons on the base of electronic textbook; the pedagogical experiment is described; reveals the dynamic of criterion and indices of methodical readiness of English teachers to conduct English lessons using electronic textbook.

In conclusion scientific-pedagogical results got by us during our investigation are characterized:

- analytical review of pedagogical and methodical theory of lesson;

- grounding the content of the independent section "English Lesson" in the electronic course of the subject "Methods of Teaching Foreign Languages" on the base of the theory of the lesson;

- methods of teaching of future teachers to conduct English lessons on the base of electronic textbook;

- working out the criterion and indices of methodical preparing of future teachers to conduct English lessons on the base of electronic textbook.

The List of the used literature includes 174 sources. In appendix primary materials are presented.

Подписано в печать 12.03. 2004.
Формат 60x84/16. Печать офсетная. Бумага офсетная.
Объем 1,5 п.л.
Тираж 100 экз. Заказ № 63

Типография КазгосИНТИ.
480096, г.Алматы, ул.Богенбай батыра, 221